



*Fingramota.kz* – Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігінің  
халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға  
бағытталған жобасы

# Балалар банк картасы: қалай дұрыс пайдаланамыз?

Соңғы жылдардың 6 – 18 жас ара-  
лығындағы қазақстандық бала-  
лардың ішінде ата-анасының  
төлем картасына байланысты-  
рылған банк карталарының иегерлері  
атанғандар күн санап өсіп келе жатыр.  
Олар ата-анасының бақылауымен қол-  
ма-қол ақшасыз кішігірім сауда жасауға  
мүмкіндік береді. Алайда мұндай карта  
иелерінің ақшаны орынсыз жұмыссауына  
немесе қаржылық алайқтардың тұзағы-  
на түсіп қалуларына жол бермеу керек.  
Бұл үшін бірнеше ереже бар.



Әрине, балалардың төлем карталары ақшамен қарым-қатынас жасау жолдарын дамытып, дербестікі арттыруға және өз қаржыларын жұмсау барысында жауапкершілікке үйретеді. Өз ақшаңызды банктің мобильді қосымшасы арқылы басқаруға болады — ол жақтан қанша ақша түскенін және қаншасы жұмсалғанын көріп отыра аласыз. Қысқасы, бәрі тұра ересектердік сектілді.

Карталар **дебетті** және **кредиттік** болады, дебетті картада сіздің өз ақшаңыз жатады, ал кредиттік картада банк сізге қарызға берген және сіз пайызымен қайтаруға тиісті ақша тұрады. Балалардың картасы, әрине, тек дебетті бола алады. Қебіне олар ата-анасының дәл осындей, мысалы, жалақы түсетін дебетті картасы бар шотына бекітіледі.

Қазақстанда алты банк балалар картасын ашады. Әдетте, мұндай картаны шығару тегін; кей банктер жылдық қызмет көрсетуді комиссиясыз ұсынады. Банк сонымен қатар карта ашылғалы отырған баланың жасына түрлі талаптар қоя алады. Біреулері картаны бала өмірге келе сала ашуға дайын болса, енді бірі – 5–6 жаста, үшіншілері – тек 14 жастан асқан жасөспірімдерге ашады.

Мұндай картаны ресімдеу үшін ата-аналар банкке негізгі картаны



ұстаушының (әкесінің немесе анасының) жеке басын куәландыратын құжатты және баланың туу туралы күелігін ұсынуы керек. Сонымен қатар олар картаны ресімдеу үшін жеке келісімді

толтырулары керек. Кей банктерде картаны тек өз баланызға ғана емес, сондай-ақ туысқандарыңыздың баласына: немерелеріңізге, жиендеріңізге, қарындастарыңызға және т.б. ашуға болады.

## МҰНДАЙ КАРТАЛАРДЫҢ СІЗ ҮШІН ҚАНДАЙ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ БАР?



- 1** Күнделікті ұсақ-түйек сауда үшін қолма-қол ақша алып жүрудің қажеті жоқ. Барлығы картада сақтаулы – қағаз күпюраны байқаусызда жыртып немесе қайтарған ақшаны жоғалтып алмайсыз.
- 2** Егер картаны телефоныңызға байланыстырып қойсаныз, оны да алып жүрудің қажеті жоқ – барлығын смартфонмен төлей саласыз. Бұл әрі қолайлы, әрі сәнді. Жалғыз кемшілік: ешкімнің гаджетініңді үрлап кетпеүін мұқият бақылап жүру керек.
- 3** Картадағы бейнелер ашық түсті, әрі өте әдемі (мысалы, мультфильмдердің кейіпкерлері бар). Кей банктер картаның ешкімге ұқсамайтын дизайнның ұсынады.
- 4** Кей серіктес-дүкендер кішкентай карта қожайындарына балалар тауарларына түрлі акциялар, сонымен қатар кешбэк ұсынады.



## МҮНДАЙ КАРТАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫҢЫЗ УШИН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ҚАНДАЙ?

- 1** Ата-аналарыңыз кез келген уақытта мобиЛЬДІ қосымша арқылы картала-рыңызды толтырып бере алады.
- 2** Олар карта бойынша барлық опера-цияны SMS- немесе push-хабарлан-дыру арқылы, болмаса банктің мобиЛЬДІ қосымшасын пайдаланып бақылай алады.
- 3** Ата-аналар банкоматтан ақша алуға, қолма-қол ақшасыз есептесуге және интернет арқылы сауда жасауға шек-теу қоя алады. Сіздер онлайн-сауда жасамақ болған сайын, ата-ана-рыңызға операцияны құптауды талап ететін коды бар SMS жолданады.
- 4** Ата-аналар сонымен қатар картадан қолма-қол ақшаны алып, өзгелердің картасына немесе шотына аударуға тыыйым сала алады.



## ТӨЛЕМ КАРТАСЫНЫҢ КЕМ ТҰСЫ БАР МА?

Картаның соншалықты бір кемшіліктері жоқ. Дегенмен, төмен-дегілерді кемшіліктер қатарына жатқызуға болатын шығар:

### 1 АҚША БӘРІНЕ ЖЕТЕТІНДЕЙ БОЛЫП КӨРІНЕТІН ЖАЛҒАН СЕЗІМ


Өз ақшанызды тиімді басқаруды үйренгенге дейін, шектен шықпау деген сезімді ұмытып, картадан әдеттегіге қарағанда көбірек қаржы жұмсап таастауыныз мүмкін. Себебі, электронды ақшаны ұстап көрмейсіз, сондықтан да ол көп секілді болып көрінеді.

### 2 КАРТАНЫ ЖОҒАЛТУ

Картаның жоғалып қалуы немесе бүлінуі мүмкін. Әрине, оны ауыстыруға болады, алайда бұл үшін кейде көп уақыт кетеді, ал кей банктердің талабына сай ақша да төлеуініз мүмкін. Ата-анаңыздың бұл үшін қуана қоймасы белгілі.

### 3 АЛАЯҚТАҚ ӘРЕКЕТТЕР

Қаржылық қасқунемдер адамдардың ақшасын тартып алу үшін жүздеген алуан түрлі тәсілдердің қолданады. Балалар – ең әлсіз топқа жатады.



мүмкін. Алайқтар сізді фейк сайттарға шақырып алады: бай-қауда үткіп алдыңыз, не сайттағы әрекеттеріңіз үшін (лай-тер, сұраққа жауап беру және т.б.) ақшалай сыйлыққа ие боласыз деп өтірік алдайды. Олардың мақсаты – сіз, сіздің ата-анаңыз туралы жеке ақпарат алу, сондай-ақ картаңыздың реквизиттерін білу. Әсіресе, алайқтар картаңыздың сыртқы жағындағы үш таңбалы кодқа құмар. Оны басқаша CVV-код (VISA халықаралық төлем жүйелерінде қолданылады) немесе CVC-код (Mastercard карталарында пайдаланылады) деп атайды. Картаңыдағы барлық ақшаны алу үшін алайқтарға осы ақпаратты білу жеткілікті. Сондықтан, осы ақпаратты ешқашан ешкімге айтпаңыздар және еш жерде жарияламаңыздар. Поштаңыздың, әлеуметтік желілерінде паролін және төлем картаңыздың деректерін сұрайтын сайттарға тіркелменіздер.

**Қаржылық алайқтарға келер болсақ,  
олар оффлайн да, онлайн да шабуыл жасай береді.**

Кейде олар үялды телефоныңызға қонырау шалып, өзін банк қызметкери ретінде таныстырады, немесе электронды поштаға күмәнді сілтемелер жолдайды. Егер сол сілтеме арқылы өтсөніз, телефоныңызға барлық парольдеріңізді, соның ішінде банк қосымшаларын көшіріп алатын вирус жұқтыруының

## БАЛАЛАР БАНК КАРТАСЫН ҚАУІПСІЗ ТҰТЫНУ ЕРЕЖЕЛЕРИ

- 1** Бәріне банк картаңыздың бар екенін жариялай берменіз. Бұл қауіпті болуы мүмкін: картаңызды ұрлап кетуі немесе мәжбүрлеп тартып алуы мүмкін.



- 2** Картаны ешкімнің қолына беруге және суретке түсіруге болмайды.

- 3** Картаңызға енгізілген деректерді өзгелерге жолдамаңыз, айтпаңыз және жарияламаңыз.



- 4** Әр банк картасының өзіндік құпия коды – **ПИН-код** болады. Оны онлайн немесе банкоматта енгізген кезде карта бойынша барлық операцияларды жүзеге асыруға болады. Сіз оны жаттап алыңыз немесе қағазға құпия түрде жазып алып, өзіңізben бірге жеке жерде алып жүріңіз. Қалай жасыруды өзіңіз шешініз. Бастысы, ешкім кодыңызды шеше алмаса болғаны. Ешқашан кодты картаның өзіне жазбаңыз және онымен бірге сақтамаңыз.

- 5** Дүкенде немесе банкоматта ПИН-кодты енгізгенде пернетақтаны қолыңызben көлегейлеп тұрыңыз және цифрларды дауысыңызды шығарып айтпаңыз.

- 6** Егер банк картаңыз жоғалып қалса, жылдам арада бұл туралы ата-анаңызға хабарлаңыз. Ата-анаңыз бірден банкке хабарласып, ешкім қандай да бір әрекетті жасай алмауы үшін картаны бұғаттауды талап етеді. Операцияларды бұғаттауды сонымен қатар мобиЛЬДІ қосымша арқылы онлайн жасауға да болады.



- 7** Телефоныңызға өзіңіз пайдаланып жүрген карта жататын банктің шүғыл желі нөмірін сақтап алыңыз, ол кез келген уақытта жаңыныздан табылуы керек. Қандай да бір жағдай болса, өзіңіз (немесе ата-анаңыз) оған хабарласып, осы банк қызметкерінің карта бойынша ақпарат алу үшін хабарласқан не хабарласпағанын, болмаса банктің қаншалықты сыйлықтар үтисын өткізіп, карта қожайындары-қатысушылар үшін SMS жолдап жатқандарын біле алады. Қоңырау шалу себебі алуан түрлі болуы мүмкін. Сізге картаның бұғатталғаны, «қауіпсіздік қызметін тексеру», «қате аударым жасау» секілді тағы басқа беймаза SMS немесе электронды поштаңызға хат келуі мүмкін. Олардың қаншалықты рас екенін білу үшін банктің ресми нөміріне қоңырау шалған дұрыс.



Бала жастан бастап-ақ банк карталарын белсенді түрде қолданумен шектелмей, оқуыңыз үшін ақша жинауға да болады. Бүгін біз көтергелі отырған келесі тақырып – **білім алу депозиті**.